

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің «6D010200 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған Айдарбекова Кулжан Асетовнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Айдарбекова Кулжан Асетовнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қазіргі білім беру кеңістігіндегі цифрландыру үдерістерінің күшеюімен, бастауыш мектепте оқу мазмұны мен оқыту технологияларын жаңарту талаптарымен және педагог кадрлардың сандық ортада кәсіби қызмет атқаруына қойылатын жаңа міндеттермен тікелей байланысты. Бүгінгі таңда сандық білім беру ресурстары (СБР) педагогикалық тұрғыдан негізді іріктеу, сабақ құрылымына кіріктіру, оқу нәтижесін бағалау және білім алушының жас ерекшелігіне сай қауіпсіз әрі тиімді қолдану – болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің маңызды бөлігіне айналып отыр. Осы тұрғыдан алғанда диссертациялық зерттеу тақырыбы өзекті, әлеуметтік құрамына ие және ғылыми тәжірибелік мәні жоғары деп бағаланады.

Диссертациялық жұмыста зерттеудің ғылыми аппараты талапқа сай түзілген: нысаны мен пәні нақты айқындалған, мақсаты мен міндеттері бір-бірімен логикалық байланыста қойылған, болжамы тексерілетін сипатта тұжырымдалған. Автор зерттеу мәселесін жан-жақты ашу үшін отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге талдау жасап, цифрлық педагогика, кәсіби даярлық, құзыреттілік тәсіл, бастауыш білім беру әдістемесі аясындағы теориялық негіздерді жүйелеген. Бұл зерттеудің бағыт-бағдарын дұрыс анықтауға және мәселені ғылыми тұрғыдан жеткілікті деңгейде негіздеуге мүмкіндік берген. Жұмыста болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің СБР-ды пайдалануға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылып, оны жүзеге асыратын оқу-әдістемелік мазмұн мен дидактикалық кешен әзірленген және оқу үдерісіне енгізілгені көрсетілген; модель мен кешеннің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеріліп, нәтижелері математикалық-статистикалық өңдеу арқылы дәлелденген.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер диссертацияның ғылыми жаңалығын айқындайды. Атап айтқанда, «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығы» ұғымының мазмұны нақтыланып, оның құрылымдық құрамдас бөліктері

анықталған; даярлық деңгейін бағалауға арналған критерийлер мен көрсеткіштер жүйесі ұсынылған; модель даярлықты қалыптастыруға бағытталған құрылымдық-мазмұндық модель әзірленіп, оны іске асырудың тетіктері негізделген. Ұсынылған модельдің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тексеріліп, алынған деректер статистикалық өңдеумен дәлелденгені зерттеу қорытындыларының сенімділігін арттыра түседі.

Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы болашақ мұғалімді сандық ортада кәсіби әрекетке даярлау мәселесін педагогикалық жүйе ретінде қарастыруымен және бастауыш білім беру жағдайында СБР-ды қолдануға даярлықтың мазмұнын, құрылымын, өлшемдерін ғылыми тұрғыдан толықтыруымен сипатталады.

Практикалық маңызы жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына енгізуге болатын әдістемелік ұсынымдардың, оқу-әдістемелік материалдардың және сандық ресурстармен жұмыс істеуге бағытталған тапсырмалар кешенінің ұсынылуымен айқындалады; бұл нәтижелер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау сапасын арттыруға нақты үлес қоса алады. Зерттеу нәтижелері апробациядан өткізіліп, халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық алаңдарда талқыланған, сондай-ақ жарияланымдарда көрініс тапқан: материалдардың бір бөлігі Ұлыбританияда (Sheffield), Чехия (Praha), Болгария (София), Финляндия (Helsinki) және Қазақстан (Қарағанды, Алматы, Астана) қалаларындағы конференциялар жинақтарында жарияланып, Scopus базасында және ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған басылымдарда мақалалар жарық көргені көрсетілген; сонымен бірге 1 ұжымдық монография, 1 электрондық оқу құралы, 5 ЭЕМ-ге арналған бағдарлама, 1 әдістемелік нұсқаулық және 1 тапсырмалар жинағы дайындалған.

Жалпы алғанда, Айдарбекова Кулжан Асетовнаның диссертациялық жұмысы аяқталған, ғылыми-теориялық және қолданбалы нәтижелері өзара сабақтастықта айқындалған, тәжірибеде қолдануға болатын нақты ұсыныстармен бекітілген зерттеу болып табылады. Сондықтан ұсынылған диссертациялық зерттеу PhD дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға сәйкес келеді және көпшілік қорғауға ұсынуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:

академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды
ұлттық зерттеу университетінің профессор-зерттеушісі,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор



С.К.Абильдина

